

Бекітемін:
Мектеп директоры:

Ж.А.Жайтаев



*«Тілектес» жалпы орта білім беретін мектебі арнайы
педагогтың жылдық жұмыс жоспары*

ДОЛЖО:  М.Аймырзаев
Арнайы педагог:  А.Исмайл

2022-2023 оқу жылы

Мақсаты: психикалық дамуында, аралас спецификалық ауытқуы бар, үлгерімі төмен оқушылардың дамуындағы ауытқу деңгейін тексеріп, құрылымын анықтап, түзету жұмыстарын жүргізіп, білім беру бағдарламасы мазмұнын меңгеруіне уақытылы арнайы көмек көрсету.

Міндеттері:

1. Балалардың даму деңгейін диагностикалау және оқудағы үлгермеуін анықтау.
2. Балалардың жалпы даму деңгейін көтеру мақсатында жеке және топтық түзете-дамыту сабақтарын өткізу.
3. Баланың дамуындағы ауытқушылықтардың алдын алу мақсатында ата-аналармен және педагогтармен кеңес жүргізу.
4. Жекелей және топтық коррекциялық сабақтардың тиімділігін арттыру үшін дидактикалық материалдар жиынтығын құрау.
5. Толық меңгерілмеген оқу шеберлігі мен дағдыларын, таным сферасы мен сөйлеу тілінің дамуындағы ауытқушылықтарды түзетуді қалыптастыру бойынша оқушылармен жеке жұмыс жүргізу, жаңа оқу материалдарын қабылдау мен меңгеруге бағытталған дайындық.

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Қолданылатын әдістер	Күтілетін нәтиже
Қыркүйек	ПМПК қорытындысы бойынша оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарының салдарын анықтау	01-05.09	Әңгімелесу, пікір алмасу	Сынып мұғалімдерімен бірлесе отырып, оқушылардың сөйлеу тілін тексеріп анықтау
	Логопункте қабылдау	06.09	Әңгімелесу	Баламен жеке әңгімелесу арқылы тілдік бұзылыстарын саралап, анықтау
	Сөйлеу карталарын толтыру	Ай сайын	Сауалнама	Даму деңгейін анықтау
	Сөйлеу тілінің кемшіліктері бойынша балаларды топтарға топтастыру	14.09-17.09	Пікірлесу, суретті әдістер	Топтар құру (жасерекшелігі мен диагнозына қарай)
	Жеке жұмыс жасалатын оқушылардың ата-анасымен түсіндірме жұмысын жүргізу	14.09	Кеңес беру	Ата-анамен ПМПК берген қорытындыға сәйкес баласының диагнозын талқылап, түсіндіру
	Топқа келген оқушыларды тыныс алу және артикуляциялық жаттығулармен таныстыру	19-23.09	Көрнекіліктер, тыныс алу жаттығуларының суреті	Бұлшықет тонусын және тілдік артикуляциялық аппаратты дыбыс қоюға дайындауды үйрету
	Зейін, есте сақтау, ойлау, көріп қабылдауын дамыту	26-30.09	Жеке жұмыс, суреттер	Оқушының қабылдау қабілеттерін дидактикалық ойындар арқылы дамыту
	Жекелей кеңес беру папкасын толтыру, журналға есепке алу	Ай сайын	Кеңес беру, журналға жазу	Ай сайынғы баланың даму деңгейін жазу

Қазан	Оқушылардың құжаттарын реттеу	Үнемі	Құжат түгелдеу	Ай сайын құжаттарды реттеп отыру
	Кеңістік пен уақыт туралы түсінік беру. Тыныс алу жаттығуларын жасау	Үнемі	Пікірлесу, жаттығу жасау	Өзін-өзі басқаруын қалыптастыру, заттарды дұрыс атауды түсіндіріп, сөздік қорын молайту
	Сөйлеу ережесі. Фонематикалық есту қабілетін дамыту	06.10-13.10	Пікірлесу, кеңес беру	Дыбыстарды дұрыс айтуға, қабылдауға дағдыландыру
	Артикуляциялық жаттығулар	Үнемі	Суреттер арқылы жаттығу жасау	Артикуляциялық аппараттың қимылын жетілдіруге арналған жаттығулар жасау арқылы дұрыс сөйлеуін қалыптастыру
	Сурет бойынша әңгіме құрату	17.10-20.10	Суретті әдістемелер	Сөздік қорын сурет арқылы жетілдіру, дұрыс сөйлеуін қадағалау
	Ертегі терапиясы	21.10-26.10	Суретті әдістемелер, пікірлесу	Ертегілер оқу арқылы еркін сөйлеуге, ойын ашық жеткізуге дағдыландыру
	Сабакқа қатысу журналын толтыру. Бақылау парақтарын толтыру	Ай соңында	Бақылау парағын жазу	Топтағы балалардың айлық нәтижесін бақылау парағына белгілеу
Қараша	Оқушылар бойында адамгершілік шығармашылық қасиеттерін дамыту	01.11-08.11	Пікір алмасу	«Үлкенге құрмет, кішіге ізет» тақырыбында шығармашылық жұмыстармен айналысу. Сөздік қорларын молайту
	Ата-аналармен сұқбаттасу	Ай сайын	Кеңес беру, әңгімелесу	Ата-аналармен сұқбаттасып баласының көңіл-күйін сұрап, жағдайын біліп отыру

Артикуляциялық жаттығулар	Үнемі 09.11- 12.11	Тіл дамыту жаттығуларын жасау	Артикуляциялық аппараттың қимылын жетілдіруге арналған жаттығулар жасау арқылы дұрыс сөйлеуін қалыптастыру.
Ірі және ұсақ моторикасын дамыту жұмыстары	15.11- 20.11	Жаттығу жасау	Моншак, конструктор, бәтеньке бауы, сіріңке дәндерімен ірі және ұсақ моторикасын дамыту
Сурет бойынша әңгіме құрату	25.11- 29.11	Суретті әдіс	Сөздік қорын сурет арқылы жетілдіру.
Сабақты ұлттық ойындарды қолдана отырып сабақ жүргізу	01.12- 04.12	Суретті әдістемелер, пікірлесу	Заттарды дұрыс атауды түсіндіріп сөздік қорын молайту
Достықты қадірлеуге арналған шағын тренинг	06.12- 07.12	Кеңес беру, суреттер	«Досыма сыйлық» қағаздан жасалған бұйымдар жасау.
Артикуляциялық жаттығулар	Үнемі	Тіл дамыту жаттығуларын жасау	Артикуляциялық аппараттың қимылын жетілдіруге арналған жаттығулар жасау арқылы дұрыс сөйлеуін қалыптастыру
Балаға жеке түзету-дамыту бағдарламасы бойынша түзету сабақтарын жүргізу	Жыл бойы	Пікірлесу, ақпарат беру	Ата-ана мен сынып жетекшімен пікір алмасу
Мерекелік іс-шараларға қатысу	27.12- 29.12	Пікірлесу	Жаңа жылдық мерекелік іс-шараға қатысу. Сыныпты безендіру (баланы топпен жұмыс жасауға, шығармашылыққа бағыттау)
Сабаққа қатысу журналын толтыру. Бақылау парақтарын толтыру	Әр айдың соңында	Бақылау парағын жазу	Топтағы балалардың айлық нәтижесін бақылау парағына белгілеу
Жекеленген және топтық түзету	Жыл	Көрнекіліктер мен суреттер жинақтау	Сабақта көрнекіліктер мен суреттерді жиі пайдалану

Қызыр	сабақтарына арнап әдістемелік материалдар, әдебиеттер жинағын жасау	бойы		
	Баланың бақылау папкасын толықтыру	Үнемі	Ақпарат беру	Әр баланың даму деңгейін жазып отыру
	«Мен өмірді тандаймын!» жаттығу сабақ	05.01-07.01	Пікірлесу, Суретті әдіс	«Бақытты отбасы», «Менің арманым», «Болашақ» тақырыбында жарыс сөздер өткізу.
	Баланың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін түзету	Үнемі	Тіл дамыту жаттығулары	Артикуляциялық аппараттың қимылын жетілдіруге арналған жаттығулар жасау арқылы дұрыс сөйлеуін қалыптастыру
	Үлгерімі төмен оқушылардың таным ерекшеліктерін ескере отырып, сюжетті, рөлдік ойындар арқылы сабақтар жүргізу	08.01-10.01	Көрініс ұйымдастыру	Ортада өзін-өзі басқаруын қалыптастыру, заттарды дұрыс атауды түсіндіру.
	«Қыс қызығы» сайысы. Сынып ішкілік сайыс	25.01-28.01	Сурет салу	Сөздік қорын сурет арқылы жетілдіру.
	Бақылау парақтарын толтыру	Әр айдың соңында	Журнал жазу	Балалардың айлық нәтижесін бақылау парағына белгілеу
Ақпан	Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау	01.02-05.02	Пікірлесу	1) Ертегілер мен әңгімелерді оқыту 2) ауызша есептер шығару сынып бағдарламасынан
	Түзету сабақтарының дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау	Жыл бойы	Ақпаратпен толықтыру	Сабақтың дұрыс өтілуін қадағалау
	Баланың жеке даму динамикасын	Аптаның	Пікір алмасу	Оқушылармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстарымен

	оқу деңгейімен таныстыру. Ашық есік күні	соңында 10.02	Кеңес беру, пікірлесу	ата-аналарды таныстыру Түзету-дамыту бойынша сабақ үйреніп жатқан оқушылардың ата-аналары мен мұғалімдерін сабаққа енуі
	Оқушыларды сыныптан және мектептен тыс үйірме жұмыстарына қатысуын бақылау	14.02		Мектеп ішіндегі домбыра және спорттық үйірмелерге қатыстыру
Наурыз	«Әлемнің жарығы – ол сенің анам» аналар мерекесі туралы түсінік беру	03.08	Ақпарат алмасу, кеңесу	Аналар мерекесіне өз қолдарымен сыйлық жасауға кеңес беру
	Баланы оқыта отырып, сөйлеу тіліне (фонематикасына, грамматикасына) түзету жұмыстарын жүргізу	Үнемі	Кеңес беру	Сөйлеуде сөздерді дұрыс айтуына ықпал жасау
	Артикуляциялық жаттығулар	Үнемі	Жаттығу жасау	Жаттығулар жасау арқылы дұрыс сөйлеуін қалыптастыру
	Тіл дамуының кемшілігін түзету бойынша сынып сағатын өту	15.03- 17.03	Пікір алмасу	Баланы түзету бойынша жеке жұмыстар жүргізу
	Сабақта дидактикалық материалдарды кенінен қолдану	Үнемі	Көрнеліктер жинақтау	Көрнеліктерді сабақ барысында үнемі қолдану
	Үлгерімі төмен баланы бақылау мақсатында мұғалімдердің сабақтарына қатысу	Әр айдың соңында	Пікірлесу	Мұғалімдермен өзара пікір алмасу
	Бақылау парағын толтыру	Үнемі	Түсіндіру, пікірлесу	Балалардың айлық нәтижесін жазу
Сәуір	«Табиғат-тал бесігің аялай біл» табиғат туралы түсініктерін кеңейту	02.04- 06.04	Пікір алмасу, кеңес беру	Табиғат жайлы сауалнамалар жүргізіп, кеңес беру
	Тыныс алу жаттығуларын жасау	Үнемі	Жаттығу жасау	Дұрыс дем шығару мен дем алуда үйрету.

Мамыр	Оқушылардың танымдық жерлер, мұражайлар туралы түсініктерін қалыптастыру	10.04	Түсінік беру, ақпарат алмасу	Таным түсініктерін кеңейту, пікірлесу
	Оқу мотивациясы төмен оқушылармен жекелей жұмыс	Жыл бойы	Түсіндіру, пікірлесу	Баланың дамуын бақылау
	12-сәуір «Ғарышкерлер күні» мерекесі туралы түсініктерін қалыптастыру	11.04-12.04	Түсінік беру, ақпарат алмасу	Қазақстаннан алғашқы болып ұшқан ғарышкерлер туралы мәлімет беру, жаңа ақпаратпен толықтыру
	Сынып жетекшілермен бірлесе отырып түзету жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	Пікірлесу	Түзету сабаған өтетін оқушылардың сынып жетекшілерімен пікір алмасу, ақпаратпен бөлісу
	1-мамыр, 7 мамыр, 9 мамыр мерекелері туралы ақпарат беру	02.05-04.05	Түсінік беру, ақпарат алмасу	Мектепте өтетін мерекелік іс шараларға қатысуға кеңес беру
	Жеке түзете-дамытушылық (ЖТД) бағдарламасын қорытындылау, жылдық жұмысты саралау	10.05-14.05	Ақпарат беру, пікір алмасу	Жылдық жұмысты қорытындылау
	Тыныс алу жаттығуларын жасау	Үнемі	Жаттығу жасау	Дұрыс тыныс алуды үйрету
	Жылдық жұмыстың қорытындысымен ата-ананы және сынып жетекшілерді хабардар ету	15-22 мамыр	Пікір алмасу	Сынып жетекші мен ата-анамен пікірлесу, ақпарат бөлісу
	Қорытындылау. Жаңа оқу жылына құжаттар жинақтау		Ақпарат беру	Түзету дамыту жұмыстарымен ата-аналарды тоқсан соңында таныстыру